

СЫЗЫҚША

Жарнама мәтіндерінде сызықша мына жағдайларда:

– бастауыш зат есімнен немесе заттанған (зат есімдік мәнге ие болған) басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғалы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: **Үй** – өзіңді жайлы **сезінетін орын**. **Өз үйіңізге ақша жинап, Отбасы банктен 3,5%-дан бастап ең тиімді ипотекаға қол жеткізіңіз. Ұлт кемеңгері** – А. Байтұрсынұлының **150 жылдық мерейтойы**. **Күнделікті дұрыс қолданып, жақсы әдетті қалыптастырғандар, жоспар құрып, әрекет еткендер, ай сайын ақша жинап, тісін емдеп, тіпті көлік алып, арманын орындаған жандар баршылық. Кемінде 7 жан жақсылығын, әрісі мыңдаған адам игілігін көрген күнделік - осы. Gillette ProGlide жаңа жүзі бір қимылмен-ақ мінсіз тегіс қырынуды қамтамасыз етеді. Gillette** – ерлер үшін **ең керемет!** **Үлкен қаптама – үлкен пайда!**

– атау тұлғадағы бастауыш не баяндауыш, не екеуі де тәуелдік, көптік жалғаулы болуы мүмкін. Ол кезде бастауыштан кейін сызықша қойылады: **Сенің ішкі сезіміңнің айнасы – сенім**. **Құранға деген махаббатыңызды ашып, алғашқы қадам жасаңыз!** **Енді Anta ресми түрде Қазақстанда. Еліміздегі ең үлкен сауда орталықтарындағы жаңа дүкендердің ашылуын өткізіп алмаңыздар. Anta – үлкен жеңістер тарихы.**

– бастауыш ол, бұл, мынау, сонау, анау деген сілтеу есімдіктерінен жасалып, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім немесе зат есім мағынасындағы басқа сөз табы болғанда, сілтеу есімдіктерінен кейін сызықша қойылады: **Бұл** – әлемдік спорттық киім индустриясының алғашқы үштігіне сенсациялы түрде енген инновациялық спорттық **корпорация**. **Мұнда жүздеген дарынды дизайнерлер мен технологтар инновациялық әрі тартымды киімдер мен аяқкиімдердің моделдерін жасайды. Ал ең бастысы осының бәрі өзге брендтермен салыстырғанда әлдеқайда қолжетімді бағамен. Шейкер болмаса, бұл – мәселе емес!** Сізге керегі – Nescafe Gold, сүт, мұз, біраз қиял. Және дәмді, сергіткіш Nescafe Gold Фраппесі дайын. Жазда салқын кофемен **сергіп ал!**

– бастауыш -у жұрнақты тұйық етістіктен не ол араласқан тіркестен жасалса, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен немесе -у жұрнақты етістіктен және керісінше болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: **LG CordZero™ A9 көмегімен тазалау** – бүкіл үйді жылдар бойы таза ұстауға мүмкіндік беретін **тамаша шешім!**